

Тамақтану сапасына мониторинг жүргізу комиссиясының есебін тыңдау туралы ақпарат

Оқушылардың сапалы және қауіпсіз тамақтануын қамтамасыз ету мақсатында мектепте құрылған тамақтану сапасына мониторинг жүргізу комиссиясы өз жұмысын жоспарға сәйкес жүргізіп келеді. Комиссия құрамына мектеп әкімшілігі, қамқоршылық кеңес мүшелері, ата-аналар қауымдастығының өкілдері және жауапты қызметкерлер енгізілген.

Комиссия мүшелері тоқсан бойы мектеп асханасының санитарлық-гигиеналық жағдайын, азық-түліктің сапасын, тағамдардың дайындалу технологиясының сақталуын, ас мәзірінің бекітілген нормаларға сәйкестігін және оқушылардың тамақтану жағдайын бақылау жұмыстарын жүргізді. Тексеру барысында асхананың тазалығы, тағамдардың сапасы мен температуралық режимінің сақталуы, азық-түліктердің жарамдылық мерзімдері және қызметкерлердің санитарлық талаптарды орындауы назарға алынды.

Мониторинг нәтижелері тоқсан сайын қамқоршылық кеңестің отырыстарында қаралып, комиссия мүшелерінің есептері тыңдалды. Сонымен қатар жалпы мектепшілік және сыныптық ата-аналар жиналыстарында тамақтануды ұйымдастырудың сапасы туралы ақпарат беріліп, ата-аналардың ұсыныстары мен пікірлері талқыланды. Ата-аналар тарапынан қойылған сұрақтарға жауап беріліп, мектеп асханасының жұмысы туралы толық мәлімет ұсынылды.

Жүргізілген бақылау жұмыстарының қорытындысы бойынша мектеп асханасында оқушылардың тамақтануын ұйымдастыру жұмыстары талаптарға сәйкес жүргізілетіні анықталды. Асханада санитарлық-гигиеналық талаптар сақталып, оқушыларға ұсынылатын тағамдардың сапасына тұрақты бақылау жүргізіліп келеді. Сонымен қатар оқушылардың дұрыс және теңгерімді тамақтануын қамтамасыз ету мақсатында қажетті жұмыстар жалғастырылуда.

Алдағы уақытта да комиссия мүшелері тамақтану сапасына мониторинг жүргізуді жүйелі түрде жалғастырып, анықталған мәселелер бойынша тиісті ұсыныстар енгізіп отырады. Оқушылардың денсаулығын сақтау мен сапалы тамақтануын қамтамасыз ету мектеп қызметінің басым бағыттарының бірі болып қала береді.